

Бекітемін:

ЖШС «Ақ-Бота-Нұр»

бөбекжай-балабақшасы

менгерушісі:

Джамалбекова А.Б.



**«Балапан» ортаңғы тобының
перспективалық жоспары
2024-2025 оқу жылы**

Тәрбиеші: Торегелдиева Ж.Е.

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПKE
ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ
ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Білім беру ұйымы: «Ақ-Бота-Нұр» бөбекжай-балабақшасы ЖШС

Тобы: «Балапан» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы

Қ/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<i>Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы</i>		
1.	Физикалық қасиеттерді дамыту Дене шынықтыру	Жалпыдамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірімен, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аразықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүреlep, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру; Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау; «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» -«Күш сынаспак»Қазақтың әдет-ғұрпымен таныстыру. Дәстүрлік таным түйсігін дамыту.. - "Ақ серек көк серек"Балаларды «ақ серек, көк серек» ойынымен таныстыру. Ойын ойнатып,

		қимыл-қозғалыстарын, дене бітімін қалыптастыру. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. - «Арқан тарту» ойыны. Балалардың ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. «Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында) - «Орамал тастамақ» ойыны. Балалардың сезімнұқабиілеттерін, байқампаздығын дамыту. Еңбегі адал жас өрен, өзіне өзі қызмет көрсету.
2	Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту	Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады; Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.
3	Көркем әдебиет	«Балалар кітапханасы»-жобасы :Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
4	Қазақ тілі	«Балабақша - жайлы мекен» «Тілім менің тірегім» «Балаларды нересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өзбетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуге, өтінішін, ырзашылығын білдіруге сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат

		нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.
5	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері	"бір", "көп" ұғымдарын ажыратады; Жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттейді. "Көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету; көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету , қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, "қанша? неше?" сұрағына жауап беру. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.
6	Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; Сурет салу	Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына не; Негізгі түстерді дұрыс атайды сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі;
7	Мүсіндеу	Заттарды мүсіндеуге қызығады; Сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі мүсіндейтін затты зерттейді; Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).
8	Жалпыру	Қазақ халқының ұлттық ойын-аңғарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қ азак оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; Бейнеленетін заттарға сәйкестүрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді тандай алады;
9	Құрастыру	Құрастыруды қызығушылықпен орындайды; Құрастырылатын құрылысты қарапайымсызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді; Құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды; Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады.

10	Музыка	«Күй күмбірі», Музыка тыңдау. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар ән, би, маршпен таныстыру. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманы неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету; ре (ми) –ля (си) диапазонында, барлығымен бірге әнді тазаайту, сөздерін анық айту. Музыкалық ырғақтық қимылдар: Музыкамен жүрумен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыкалық аспаптар: Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Сылдырмақ, металафон, қоңырау, барабан олардың дыбысталуымен таныстыру Әуенді ырғақты қимылды ойын: Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйін біледі; Балабақша және балабақша қызметкерлері туралы түсінігі бар; Отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды; Ау-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.
11	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру	

Әдіскер: Джамалбекова А.Б.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПKE
ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ
ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Білім беру ұйымы: «Ақ-Бота-Нұр» бөбекжай-балабақшасы ЖШС

Тобы: «Балапан» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2024-2025 оқу жылы

К/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	
		Тәуелсіздік және отаншылдық айы	
1.	Физикалық қасиеттері дамыту Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуығаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол	

		орамалды пайдалануды үйрету. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүрте үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.
2	Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту	Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады; Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.
3	Көркем әдебиет	«Балалар кітапханасы»-жобасы :Кітаптарғақызығушылықтыояту. Тағыс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
4	Қазақ тілі	Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді ("бөпе", "аға", "ана", "іні", "қарындас"), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт) Көркем әдебиет Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен

		кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
5	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Жас метеоролог» экологиялық бағытта Сан. "Көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, "қанша? неше?" сұрағына жауап беру. Шама. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие; Негізгі түстерді дұрыс атайды сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі;
6	Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; Сурет салу	
7	Мүсіндеу	Заттарды мүсіндеуге қызығады; Сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі мүсіндейтін затты зерттейді; Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу

		(ыдыстар, ойыншықтар).
8	Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді тандай алады;
9	Құрастыру	Құрастыруды қызығушылықпен орындайды; Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді; Құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды; Өртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады;
10	Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, металафон, асатаяқ) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық ырғақтық қимылдар: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Музыкалық аспаптар: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда металафонда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгетіру.
11	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Менің Отаным – Қазақстан. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, кейбір көгіністер мен жемістердің туралы қарапайым

	Қоршаған ортамен таныстыру	түсініктерді қалыптастыру. Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру Ау-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілейді
--	-----------------------------------	--

Әдіскер: Джамалбекова А.Б.



**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПKE
ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ
ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Білім беру ұйымы: «Ақ-Бота-Нұр» бөбекжай-балабақшасы ЖШС

Тобы: «Балапан» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2024-2025 оқу жылы

Қ/с	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Құндылық – Өділдік және жауапкершілік		
1	Физикалық қасиеттерімі дамыту Дене шынықтыру	Негізгі кимылдар: Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және нық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлеспеу. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» –«Шертпек ойыны» . Ойынның негізгі

		мақсаты бүлдіршіндерге асық ойынның пайдасын ойын арқылы меңгерту. Асық ату- Асық құрылымымен таныстыру Бүлдіршіндерді мергендікке ,ептілікке, дәлдікке баулу. —«Бес асық» ойыны. Шығу тарихы балдарға қарапайым мән мағынасын түсіндіру, ойынға барынша қызықтыру. —«Бес асық» ойыны. Бүлдіршіндерді мергендікке ,ептілікке, дәлдікке баулу.
2	Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту	«Өнегелі 15 минут» ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады; бір-бірімен, ересектермен сөйлеседі; естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтады; кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады; көрген суреттері бойынша өз ойын айтады; әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді; әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізеді; Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сойлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. ойындар мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорды кеңейту Тілдің грамматикалық құрылымы: зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану; Байланыстырып сөйлеу: шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау;
3	Көркем әдебиет	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу Кітаптарға қызығушылықты ояту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
4	Қазақ тілі	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері. «Өділдік пен жауапкершілік - біртұтас ұғым!» Өділдік бар жерде, татулық та бар. Татулық бар жерде, бақытта бар. Бақыт бар жерде, керемет өмір бар. Тілдік дамытушы орта. Күнделікті еркін ойында балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау.

	Сөйлеудің дыбыстық мәденіеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естулі дамыту Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуге, өтінішін, ырзашылығын білдіруге сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату
5	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері Сан - «көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру; Шама -қарама — қарсы өлшемдегі заттармен таныстыру және олардың айырмашылықтарын айта білу (үлкен үй — кіші үй, үлкен доптар-кіші доптар және т.б.); Геометриялық пішіндер. - геометриялық пішіндер: дөңгелек, шаршы, үшбұрышты тану және атау;
6	Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту Сурет салу түстерді тану және атау; қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ; Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құттың шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағазып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
7	Мүсіндеу Бірнеше бөліктен тұратын қарапайым заттарды, жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Сазбалшықтан, ермексазdan мүсіндеуге қызығушылық тудыру.. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
8	Жапсыру Бейнеленетін заттарға сәйкес түстерді тандау. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
9	Құрастыру «Smart bala» жобасы Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кіріпшітерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.

10	Музыка	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Өн айту: Әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдар орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Музыкалық аспаптар: Балалар музыкалық аспаптары металафон, сылдырмақ, қоңырау аспаптардың дыбысталуы мен таныстыру. № 7 картотека Әуенді ырғақты қимылды ойын: «Жел мен жанырақ» Мақсаты: Көңілді әуенге еліктеу дағдысын қалыптастыру. № 8 картотека Музыкалық дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Жыл мезгілдері туралы ән, әуендерді тыңдап, ерекшеліктерін сипаттай білуге баулу. № 9 картотека Музыкалық дидактикалық ойын: а.а. «Музыкалық аспаптар дүкені аспан» Мақсаты: Балаларға арналған музыкалық аспаптардың (металафон, сылдырмақ, қоңырау) ойнау арқылы дауыс тембрін ажыратуға үйрету.
11	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру	Болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру еңбегі адал жас орен: үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау Қауіпсіздік ережесі (сануарқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, коқыс қалдырмау, коқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныптан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және күммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Заттық әлем: Қазақ халықының тұрмыс заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Өртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың

	атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Еңбекке баулу Таныс мамандық нелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Жануарлар әлемі. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.
--	---

Әдіскер: Джамалбекова А.Б.



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ
ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ
ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Білім беру ұйымы: «Ақ-Бота-Нұр» бөбекжай-балабақшасы ЖШС

Тобы: «Балапан» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	«Бірлік және ынтымақ айы»
Физикалық қасиеттерді дамыту Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5-2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және нық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» -«Шертпек ойыны». Ойынның негізгі мақсаты бүлдіршіндерге асық ойынның пайдасын ойын арқылы меңгерту. Асық ату- Асық құрылымымен таныстыру Бүлдіршіндерді мергендікке, ептілікке, дәлдікке баулу.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту	—«Бес асық» ойыны. Шығу тарихы балдарға қарапайым мән мағынасын түсіндіру, ойынға барынша қызықтыру. —«Бес асық» ойыны. Бүлдірішіндерді мергендікке, ептілікке, дәлдікке баулу. «Өнегелі 15 минут» Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту Сөздік қор. заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. зат есімдерді, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған эсерлерімен бөлісуге үйрету
Көркем әдебиет	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
Қазақ тілі	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері. «Республикам – мақтанышым!» «Бірлігі күшті ел озады» Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасауды: сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «ана», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей

	қолдануға баулу (бар, кел, айт). Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері	Сан. қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беруін қалыптастыру Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпышамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруды үйрету Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Кеністікте бағдарлау Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеністік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында меңгерту Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.
Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; Сурет салу	Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеуді. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Мүсіндеу	Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды үйрету. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, уағдау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету.
Құрастыру	«Smart ball» жобасы Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.

Музыка	Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Музыка тындау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (сылдырмак, металафон, асатаяк, тұяк, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айтуды, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту; кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Музыкалық аспаптар: Қазақ халқының ұлттық аспабы Сыбызғы аспабы жайлы түсінік беру, Аспаптың әуенін тыңдату. № 10 картотека Музыкалық дидактикалық ойын: а.ә «Сыбызғы» аспабы Мақсатты: Қазақ халқының ұлттық аспабы Сыбызғы аспабы мен таныстырып, әуенін тыңдатып балаларға менгерту. № 11 картотека Музыкалық дидактикалық ойын: а, ә «Әуенді сағат» ойыны Мақсаты: Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Өртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандыру.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру	Еңбегі адал жас өрен: үй жасаулары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау Бала, оның отбасы, үйі. Ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Заттық әлем. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Еңбекке баулу. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойынәрекетіне ынталандыру. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аудару Менің Отаным – Қазақстан.

Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.

Өсімдіктер әлемі.

Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру

Жануарлар әлемі.

Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.

Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.

Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді үйрету.

Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау

серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру

Әдіскер: Джамалбекова А.Б.



**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПKE
ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ
ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Білім беру ұйымы: «Ақ-Бота-Нұр» бөбекжай-балабақшасы ЖШС

Тобы: «Балапан» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі	«Заң және тәртіп!» Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені колмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы кадаммен жүру. Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау; Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салт» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» -Шертпек ойыны Шерту әдісін үйрету ,қол бұлшық еттерін дамыту -Асық ату Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту.Балаларды ептілікке, мергендікке тәрбиелеу. -«Төрт құбылыс» Есте сақтау қабілетін дамытуға арналған - « Аңшылар мен қояндар » Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. «Өнегелі 15 минут» Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жанытпаштарды жаттауға баулу.
Коммуникативтік	

дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізіп қолдануды үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды меңгерту Байланыстырып сөйлеу. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.
